2.2 Өндірістік кеңестер

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
	№ 1 кеңес		
1	Жазғы сауықтыру шараларының, ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы	Қыркүйек	Меңгеруші А.Ескараева
2	Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау		Әдіскер М.Кубеева
3	Бала өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқау жұмысы		Меңгеруші А.Ескараева
			Әдіскер М.Кубеева
	№ 2 кеңес	Желтоқсан	
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы		Меңгеруші А.Ескараева
2	Жылу жүйесін бақылау		Мейірбике Б.Адилова
3	Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау		Шаруа/меңг Б.Малжанов
			Әдіскер М.Кубеева
	№3 кеңес		
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші А.Ескараева
2	«Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы		
3	Көгалдандыру жұмыстары		Шаруа/меңг Б.Малжанов
			Меңгеруші А.Ескараева
	№4 кеңес		
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Маусым	Меңгеруші А.Ескараева
2	Қызметкерлердің жазғы демалысының кестесін бекіту.		
3	Бала денсаулығын нығайту. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары		Мейірбике Б.Адилова
4	Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау		Шаруа/меңг Б.Малжанов
5	Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру		Шаруа/меңг Б.Малжанов

Өндірістік кеңес отырысының №1 Хаттамасы

15.09.2022

Қатысқандар:21

Күн тәртібінде

1.Жазғы сауықтыру шараларының ,ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы.

2.Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау,балалар тізімдерін анықтау.

3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқау жұмысы.

1.Бірінші сұрақ бойынша б/б меңгерушісі Ескараева А сөз алды .Ол өз сөзінде Жазғы сауықтыру шараларының ,ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысына тоқталып өтті .Тәрбиешілер жоспар бойынша жазғы сауықтыру шараларын өз уақытында орындап отырды.Түрлі эстафеталық ойындар өтілді. Ұсақ қол маторикасын дамытатын дидактикалық ойындар ойнатты.Жаңа оқу жылына ағымдағы жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жасап шықты.

2.Екінші сұрақ бойынша б/б әдіскері Әлімқұлова Д сөз алды:жаңа оқу жылына топтарды ойыншықтармен жабдықтау мәселесіне тоқталды .Балалардың тынысы ойын әрекеті арқылы дамитыны ,көз қарасының артуы ойын элементтеріне байланысты екенін атап өтіп,ойын алаңдарын құралдармен жабдықтау керектігінайтып өтті.Қимылды ойындарға арналған атрибуттар ,сюжетті дидактикалық ,ұлттық ойындарға арналған көрнекіліктер материалдар театр түрлерін көбейту керек.Жасалған заттар әрине балаға зиянсыз,қолайлы жас ерекшеліктеріне сай ,тартымды,әдемі ,таза,сапалы болуы тиіс деп өз сөзін аяқтады.Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып топтарға бөлу.

3.Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып:Мен сөзімде айтып өткендей біздің мақсатымыз балаларға оқу тәрбие жұмысымен қатар өз өмірлеріне қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыруымыз қажет.Және де біз оған жауаптымыз.Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауыңызды ескертемін.Ережемен толық танысып растау үшін қол қойыңыздар.Қауіпсіздік ережесі төмендегіше:

- Электр жүйесіне абай болыңыздар

-Жылыту жүйесін ,ыстық суды абайлап қолданыңыздар

-газды ашық қалдырмаңыздар

-Пышық,сіріңке,қаламсап тағыда басқа қауіпті заттар биікте тұрсын

-Жаңа жылдық от шашулар бала қасында тұтатылмасын .Абай болыңыздар.Өрт қауіпті екенін естен шығармаңыздар .Сақтанудан еш тыс қалмай ережені өмір және техника қауіпсіздігін қатаң түрде сақтауларыңызды талап етемін.

Шешім :

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

2.Балалардың жас ерекшелігіне қарай балалар тізімін анықтау.

Жауапты:Әдіскер Әлімқұлова Д

3.Балабақшада өз қауіпсіздігін сақтау ереже талаптарын қатаң сақтау.

Жауаптылар:меңгеруші,әдіскер,шаруа мең.

Төрайымы: Ескараева А

Хатшы: Мамбетова Л

Нөмірленген бауланған
2 парақ бетте
Балабақша меңгерушісі

Өндірістік кеңес отырысының №2 Хаттамасы

5.12.2022

Қатысқандар:14

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.Жылу жүйесін бақылау

3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз алып ,өткен кеңестің шешімдері жайлы сөз қозғап,орындалуына тоқталды. Әрбір қызметкерлерге өз лауазымдық міндеттерімен танысып ,еңбек шарттарын оқып,қол қойды.Және де әрбір қызметші өзіне жүктелген міндетін жауапкершілікпен атқарып,нақты және талапқа сай жұмыстарын жасап жатыр.қызметкерлер арасында еңбек шарты түзіліп лауазымдық міндеттері таныстырылып,мөрленіп бекітілді.Техника қауіпсіздік ережелері де қызметкерлерге таныстырылып баяндамалар:өрт болған жағдайда,су тасқыны болған жағдайда да т.б сол секілді қауіпсіздік ережелерін айтып техника қпуіпсіздігін сақтауға сөз берді.Ойын алаңдарының құрал жабдықтармен жабдықталу жұмысы да өзделгейінде атқарылды.

2.Екінші мәселеніде толықтырып өткен балабақша меңгерушісі жылу мәселесі жөнінде детоқталып өтті .Қысқы маусымға байланысты жылу жүйелері іске қосылды ,бөлмелер газбен отопление арқылы жылынуды.Бөлмелердің жылулық температурасы 22С та сақталынуы керек және қауіпсіздік ережесін сақтаңыздар.Бөлмелер желдетіліп тұруы да қажет,тұмау көбейіп кетпес үшін балалар жылы сумен жуынып,ұйқыға жылы пижамамен жатуын тапсырамын. Бөлме жылулығы қадағаланып ,әр апта ауданға мәліметтер тапсырылуы өз жалғасын тапсын деп атап көрсетті.

4. Үшінші мәселеде: Жаңа жылдық шыршаны безендіру ,мерекеде қауіпсіздік ережесін сақтау жөнінде балабақша меңгерушісі А.Ескараева тоқталып өтті.Балаларға ең қызық мереке жаңа жылдық шырша мерекесі .Шыршаны әдемі ,сұлу етіп безендірейік .Түрлі ойыншықтар ,түрлі-түсті жылтыр қағаздар әрине түрлі түсті шырақшаларды қосайық .Оны тоққа қосқанда абай болыңыздар .Электр желісіне қосқанда балалардың әрі- бері жүруіне кедергісіз,қауіпсіз болсын .Сосын ата-аналармен жиналыс өткізгенде,отшашулар әкелмесін,түкті киімдерге тисе от шығудан сақтану қажет.Қызметкерлер түгел қауіпсіздік ережесін сақтап ,өрт болдырмаудың алдын алу жұмыстарын ескеруін тапсырамын. Келесі мәселе бойынша балабақша медбикесі Ә.Жақсылық балабақшадағы жалпы тазалық күндеріне тоқталды.Әр жұмада күрделі тазарту жұмыстарын жүргізілуін ,кілемдер

шаңын қағу сөрелер ойыншықтар жуылып , асхана тазалығы, төсек орын тазалығы жөнінде тапсырмалар беріліп қадағалау жүргізілетінін айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Бөлмелердің жылулығы бірқалыпты 20С та сақталып қадағалансын.Жауапты: медбике
3. Жасыл шырша мерекесінде де қауіпсіздік ережесі сақталсын,ата-аналарға қауіпсіздік ережесін сақтау жөнінде кеңес берілсін .
4. Әр жұма күндері тазарту жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы : А.Ескараева

Хатшысы : Д.Әлімқұлова

Нөмірленген бауланған

2 парақ, 1 бетте

Балабақша меңгерушісі

Өндірістік кеңес отырысының №3 Хаттамасы

10.03.2023

Қатысқандар:14

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау»туралы

3.Көгалдандыру жұмыстары.

1. Бірінші сұрақ мәселесі бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз алды: Балабақшада қызметкерлер өз жұмыстарын уақтылы атқарып отырды.Берген тапсырмалар

2.Екінші сұрақ бойынша «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау»туралы балабақша меңгерушісі А.Ескараева сөз алды:Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көз қарасына байланысты.Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері ,олардың тікелей жетекшісі және әрине ата аналарға қатысты.Таңертең жұмысқа келген тәрбиеші топтағы барлық қауіпсіздік ережелерін сақтап көріп шығады.Балабақшаның сыртына серуенге шығарда ойын алаңдарын балаларға кедергі болатын заттардың болмауын қадағалау.Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезіну керек.

Тәриеші

1. Таңертең балаларды медбикемен бірігіп қабылдайды. Науқас балалар қабылданбайды.

2. Балаларды қараусыз қалдыруға болмайды.

3. Үшкір заттармен, сынық ойыншықтармен ойнатуға болмайды.

4. Электротехникамен пайдалануға баланы жақындатуға болмайды. Өздеріңіз пайдаланудан алдын электрошнур, резетка, вилкаларын тексеру қажет.

5. Балабақшаның сыртына серуенге шыққанда тротуармен, жоқ болса – жолдың сол бетінің шетімен, екі қатардан асырмай, қатардың басында, соңында тәрбиешілер жалаушамен жүреді.

6. Жолды белгіленген жерден өту керек.

7. Бағдаршам бар жерде, бағдаршамның жасыл көзі жанғанша өтуге болмайды.

8. Балаларды көлікпен алып жүргенде тек адам таситын көлікпен жүруге болады (автобус, микроавтобус, женіл көлік).

Тәрбиешінің көмекшісі

1. Жұмыс орнында артық зат болмауы керек.

2. Ыдыс-аяқтарды сода, сабын, дез.ерітінділерімен жуғанда арнайы щеткамен, немесе қолғап кию қажет.

3. Ыстық суды беті жабылатын ыдыспен апару керек. Судың мөлшері ¾-тен аспауы керек.

4. Ыстық суды қараусыз бала жерде қалдыруға болмайды.

5. Асханада дайын тамақты әкеле жатқанда, аяқтың астына, алдына қарау керек.

6. Тамақ салынған ыдыстарды бірінің үстіне бірін қойып апаруға болмайды.

7. Еден жуғанда шығып тұрған шегелер болмау керек.

8. Жиһаздарды жылжытып еден жуғанда қарау керек: үстінде сырғып түсетін, құлайтын заттар болмасын.

9. Терезе жуғанда тексеру керек: мықты арналасқан ба, сынығы жоқ па.

10. Еденді хлорланған сумен жуғанда резина қолғап қолдану керек.

11. Төбеге шығып жұмыс істегенде, аяқтың астына қойылған заттың мықтылығын тексеру қажет. Саты орнына жәшік, тумбалар пайдалануға болмайды.

12. Электртехника пайдаланғанда оның жөнді болуын тексер: шнурын, вилка, розеткасын.

13. Қоқысты сыпырғы және қоқыс жинайтын совокпен алу керек, қолмен алуға болмайды

3.Үшінші сұрақ бойынша көгалдандыру жұмыстары бойынша б/б меңгерушісі А Ескараева айтып өтті :Балабақша айналасына гүлдер талдар ағаштар отырғызу керектігін және әр топ өздеріне бөлінген гүлдер аланын тазалап гүлдермен ағаштардың түбін қопсытып тазалау керектігін айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау»туралы қауіпсіздік ережелері сақталсын.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру жұмысы қолға алынсын.

Төрайымы : А.Ескараева

Хатшысы: А Алибаева

Нөмірленген бауланған
3 парақ 3 бетте
Балабақша меңгерушісі

Өндірістік кеңес отырысының №4 Хаттамасы

20. 06.2023

Қатысқандар:21

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.Қызметкерлердің жазғы демалысының кестесін бекіту

3.Бала денсаулығын нығайту .Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары

4.Жазғы маусымғабалабақша ауласын дайындау

5.Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А Ескараева сөз алып Балабақшадағы жұмыстар өз деңгейінде атқарылып жатыр.«Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау»туралы қауіпсіздік ережелері қызметкерлер сақтай білді.Балабақша ауласын көгалдандыру жұмысы да қолға алынып бір шама тірліктер жасалды.

2.Қызметкерлердің жазғы демалысының кестесін бекіту туралы мәселеге балабақша меңгерушісі А. Ескараева айтып өтті: Қызметкерлерді жазғы демалыс кестесімен таныстырып өтті.

3.Үшінші сұрақ бойынша балабақша мейірбикесі сөз алды:Бала денсаулығын нығайту .Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары. Жаз мезгіліндегі балалардың денсаулығын нығайтуда эмоциялдық,тұлғалық, танымдық дағдысын қалыптастыруда үлкендердің ролі керек,бала денсаулығын сақтау мен нығайту.Мақсаты:Баллар өмірі мен тұлға қауіпсіздігін сақтау ,балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.Балалардың көтеріңкі көңіл күйін туғызу.Балалар таза ауда көбірек болуына,қимылды ойындар арқылы қимыл қозғалыс белсенділігін арттыруға ,спорттық ойындарға ,ойын-сауықтыруға үлкен мән берілі керек.Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданады.

4.Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева айтып өтті:Жазғы маусымға балабақша ауласын дайын.Балалар ойнайтын ойын алаңдағы сырғанақтар жөнделіп ,сырланып ,балалар ойнайтын құмдар електен өткізіп тазаланып қойылды.Алаңдар жаз мезгіліне байланысты көркемделді.

Шешім:

1. .Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Қызметкерлердің жазғы демалысы уақытында берілсін.
   Жауапты:меңгеруші
3. Жазғы маусымға балабақша дайындығының кемшіліктері жойылсын.
   Жауапты :меңгеруші

Төрайымы: А.Ескараева

Хатшысы: А.Алибаева

Нөмірленген, бауланған
2 парақ ~~ұл~~ бетте
Балабақша меңгерушісі